

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясаттың 2014 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 242 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясаты туралы елдің қалың жұртшылығын хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясаттың 2014 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесі мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 4                      ж ы л ғ ы                      1 7                      н а у р ы з д а ғ ы  
№                      2 4 2                      қ а у л ы с ы м е н  
мақұлданған

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясаттың 2014 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әлемдік экономика мен сыртқы нарықтардағы тұрлаусыздыққа қарамастан, 2013 жылы макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі үшін қажетті жағдайлар жасады.

Жедел деректер бойынша елдің жалпы ішкі өнімі 6,0 %-ға өсті. Экономиканың өсуі ішкі өсу көздері есебінен қамтамасыз етілді. Мәселен, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 6,5 %-ға өсті, бұл дағдарыстан кейінгі кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш.

Ұй шаруашылығы тарапынан тұтынушылықтың өсімі 16,1 %-дан асқаны байқалды (2013 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша), бұл қызметтер көрсету саласының дамуына оң әсерін тигізді. Қызметтер көрсету саласындағы өсу 107,6%-ды құрады,

нәтижесінде қызметтер көрсету өндірісінің жалпы ішкі өнімнің өсіміне салымы  
ш а м а м е н 6 5 %- д ы к ұ р а д ы .

Қаржы секторының көрсеткіштері жақсарды. Экономиканы кредиттеу көлемі 2013 жыл бойынша 13,4 %-ға өсіп, 11,3 трлн. теңге кредитті құрады. Депозиттер 10,1 трлн. теңгені құрады және 12,2 %-ға ұлғайды.

2013 жылы Standard & Poor's Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерін «BBB+/A-2» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

Елдің халықаралық резервтері 10,5 %-ға өсті және 95,2 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде Ұлттық қордың шетелдік валютадағы активтері 21,8 %-ға 70,5 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

Республикалық бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,1 %-ды құрады.

Инфляция 4,8 %-ды құрады, бұл 2012 жылғы деңгейден 1,2 %-ға төмен.

2013 жылы сыртқы сауда айналымы 1,1 %-ға төмендеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің алдын ала бағалауына сәйкес төлем балансының ағымдағы шотының профициті 117,6 млн. АҚШ долларын құрады.

Ел азаматтарының әлеуметтік әл-ауқаты жақсаруда.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 2013 жылы номиналдық көрсеткіште 7,7 %-ға, нақты көрсеткіште 3,0 %-ға өскен. 2013 жылғы орташа айлық номиналды жалақы 108,6 мың теңгені құрады.

2013 жылғы желтоқсанда жұмыссыздық деңгейі 5,2 % деңгейінде қалыптасты.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның бағалауы бойынша макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және елде қолайлы инвестициялық климат құру, нормативтік құқықтық базаны жақсарту, бизнесті ынталандыру және дамыту шараларын қабылдау бойынша жүйелі шараларды қабылдауға бағытталған міндеттерді іске асырудың арқасында Қазақстан 2013 жылы әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қ а т а р ы н а к і р д і .

2013 жылы әлемдік экономика баяу қалпына келгенін, дегенмен жинақталған макроэкономикалық теңгерімсіздікке байланысты оның осалдығы жоғары күйінде сақталып отырғанын атап өткен жөн.

2014 жылы Халықаралық валюта қоры әлемдік экономиканың өсуін 3,7 % деңгейінде болжайды.

Әлемдік экономиканың қалпына келуі және шикізат тауарларына деген сұраныс баяулаған жағдайда Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелерін ескере отырып, жүргізіліп жатқан экономикалық саясат экономика салаларындағы тұрақты өсу қарқынына қол жеткізуге ықпал ететін б о л а д ы .

2014 жылғы экономикалық саясаттың негізгі бағыттары:

1) экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету;

- 2) макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтау;
- 3) қоғамның әлеуметтік жаңғыртылуы;
- 4) өңірлік даму және урбанизация процесін басқару;
- 5) мемлекеттік басқару жүйесі одан әрі қалыптастыру;
- 6) халықаралық интеграция.

Макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты, инвестициялық белсенділікті сақтау, экономиканы одан әрі индустрияландыру, өңірлердегі іскери белсенділікті, салалардың инвестициялық тартымдылығын жоғарылату, елдің транзиттік әлеуетін арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру есебінен экономикалық саясат ағымдағы жылы экономика өсуінің 6-7 % деңгейін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Жүргізілген теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамын түзету қазақстандық өндірушілер мен экспорттаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді және Қазақстанның сыртқы сауда позициясын жақсартады.

Макроэкономикалық тұрақтылық Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру және инфляцияны экономикалық өсу үшін қолайлы деңгейге дейін төмендету бойынша шаралар қабылдау есебінен қамтамасыз етіледі.

Девальвациядан кейінгі кезеңде инфляцияны 2014 жылға жоспарланған 6-8 % аралығында ұстау мақсатында Үкімет пен Ұлттық Банк азық-түлік пен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың, жанар-жағармай материалдарының, дәрі-дәрмектің негізгі түрлері бағаларының тұрақтылығын, сондай-ақ өнімдердің тапшылығына және монополистердің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

Бюджет саясаты мемлекеттік қаржының орнықтылығын нығайтуға және Ұлттық қорда одан әрі қаражат жинақтауға бағытталатын болады.

Бюджет тапшылығының мөлшері үкіметтік борыштың тұрақтылығын қамтамасыз етуді және ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамытуды ескере отырып айқындалатын болады. 2014 жылы республикалық бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,4 % деңгейінде жоспарланған.

Салықтық саясатты жетілдіру мақсатында жеке табыс салығын және мұнай өнімдеріне акциздерді арттыру, салықтық әкімшілендіруді жақсарту, әкімшілік кедергілерді төмендету және бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері қаралатын болады.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру мақсатында 2014 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары әзірленетін болады.

Ел экономикасын одан әрі индустрияландыру саясаты өңірлік ерекшелікті ескере отырып, белгілі бір басым секторлардағы өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталған Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бес жылдық тұжырымдамасында көзделген. Көрсетілген аспектілер әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) ескерілетін болады.

Ауыл шаруашылығы саласын жүйелі өзгерту және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасына өзгерістер енгізілетін болады.

2050 жылға қарай Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдарды он есе арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы кеңейтіледі, сондай-ақ заманауи логистика және дистрибуция орталықтарын дамыту үшін ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жалғастырылатын болады.

Су ресурстарының тапшылығына жол бермеу және экожүйені сақтау мәселелерін кешенді шешу, сондай-ақ елдің су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру үшін Қазақстанның су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданатын болады.

Мемлекеттің, бизнес пен тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың жаңа негізделмеген реттеу құралдарын енгізуіне шек қойылатын болады.

Қазақстанның рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012 – 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Шағын бизнес үшін қолайлы ахуал жасау және заңнамалық деңгейде нақты мемлекеттік қолдау көрсету үшін кәсіпкерліктің жаңа санаты – микробизнес енгізілетін болады.

Бұдан басқа, 2015 – 2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық бағдарламаны ескере отырып, өзекті етілген «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру жалғастырылатын болады.

Елдің инвестициялық тартымдылығын жақсарту және Қазақстанда Еуропа Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын кезең-кезеңімен енгізу мақсатында инвестициялық қызмет, бизнесті жауапты жүргізу практикасын дамыту, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тегігі арқылы инфрақұрылымдық жобаларға инвесторлардың қатысуын кеңейту саласындағы ұлттық заңнама жетілдірілетін болады.

Зейнетақымен қамтамасыз ету саласында зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша ұзақ мерзімді перспективаға арналған негізгі тәсілдер көрсетілетін Зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Өңірлік саясат экономикалық әлеуеттің оңтайлы аумақтық ұйымын қалыптастыруға, урбанизация және экономикалық өсудің аса маңызды нүктелері болып табылатын

агломерацияларды дамыту процестерін ынталандыру мен реттеу арқылы халықтың тіршілік әрекеті үшін қолайлы жағдайлар жасауға, экономикалық және демографиялық әлеуеті бар перспективалы елді мекендерді дамытуға және қолдауға бағытталатын болады.

Өңірлердегі өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу үшін Астана, Алматы, Шымкент қалаларында ұзақ мерзімді экономикалық өсу орталықтары қалыптастырылатын болады.

Сондай-ақ 2014 жылы Астана және Алматы қалаларында 2030 жылға дейінгі кезеңде агломерациялар қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарларының жобалары әзірленетін болады.

Әкімшілік реформа шеңберінде мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру және тұтастай алғанда азаматтардың, бизнес пен қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыруға, артық өкілеттіліктерден босатылған шағын үкімет құруға, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған сапалық тұрғыдан жаңа модель құру бойынша жұмыс жалғастырылады.

Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасын іске асыру үшін стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын қамтамасыз ету жұмысы жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік және салалық бағдарламаларға жүргізілген ревизия қорытындылары бойынша бағдарламаларды оңтайландыру, бағдарламаларды іске асыру тетіктері мен құралдарын сапалы жақсарту және оларды қаржыландырудың басымдығы бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Мемлекеттік активтерді тиімді басқару және экономикадағы мемлекет пен жеке бизнестің рөлін айқын бөлуді қамтамасыз ету мақсатында Жекешелендірудің 2014 – 2016 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданады және жекелеген мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компанияларды жекешелендіру жалғасады.

Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істеуіне кедергі келтіретін алып қоюлар мен шектеулерді жою жұмысы одан әрі жалғасатын болады.

2014 жылы Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылады.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі бойынша келіссөз процесін аяқтау жоспарланады.

Аталған келіссөздер барысында Үкімет Қазақстанның Кеден одағының шеңберінде қабылданған міндеттемелерін ескере отырып, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеннен кейін ұлттық экономиканы одан әрі дамыту үшін Қазақстанға барынша қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Астанада ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесін өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының шеңберінде техникалық-экономикалық негіздемені дайындау және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары аяқталып, Астана қаласында

ЭКСПО – 2017 көрме кешенінің құрылысы басталады.  
2014 жылы Ұлттық Банк:

1) Қазақстан Республикасында бағалар тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді ақша-кредит саясатын жүргізеді;

2) жүйелі тәуекелдерді анықтау және бағалау, сондай-ақ арбитраждық және алыпсатарлық операцияларды жүргізу үшін мүмкіндіктерді азайту мақсатында банк секторындағы жағдайды тұрақты негізде талдайды;

3) Қазақстан экономикасының ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған айырбастау бағамы саясатын жүргізуді жалғастырады.

Ақша-кредит саясатын жүргізу кезінде ақша нарығында қысқа мерзімді теңге өтімділігін ғана реттеу жүзеге асырылатын болады. Негізгі күш-жігер қолданылатын құралдардың тиімділігін арттыруға бағытталады. Аталған жұмыстың шеңберінде пайыздық арнаны жетілдіру және валюталық арнаның рөлін біртіндеп төмендету жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының жаңа трансмиссиялық тетігін іске асырудың келесі кезеңін бастайды. Бұл Ұлттық Банктің пайыздық мөлшерлемелерінің аралығын айқындау, өтімділікті ұсыну жөніндегі жаңа құралдарды енгізу (тұрақты тетіктер), ең төменгі резервтік талаптар мен бағамдық саясаттың тетігін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды болжайды.

Қаржы нарығын одан әрі дамыту мақсатында 2014 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді тұжырымдамасы әзірленеді.

Қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу шеңберінде банктердің проблемалы активтерін басқарудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін арттыру мен оларды оңайлату арқылы екінші деңгейдегі банктердің проблемалы активтерін сауықтыру процесін ынталандыру бойынша жұмыс жалғасады.

Салық салу, борышкерлерді санациялау, проблемалы активтерді басқару бойынша ұйымдар қызметінің саласын оңтайландыру бөлігінде заңнамалық түзетулер кешені іске асырылады. Ерте ден қою және үмітсіз берешекті «тазалау» бойынша уақтылы шаралар қабылдау мақсатында 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап банктердің кредит портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі бойынша шекті мән қатаңдатылады – 15 %-дан көп емес.

Қамтамасыз етілмеген тұтынушылық кредиттеудің жоғары өсу қарқынын шектеу бойынша қабылданған шаралар шеңберінде банктердің қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздарының өсіміне шектеулер белгіленеді, сондай-ақ тұтынушылық кредиттеуді жүзеге асыру кезінде капиталды қалыптастыру бойынша талаптар күшейтіледі. Оған қоса қарыз алушы жеке тұлғаның жиынтық борыштық жүктемесінің ең жоғары шегі 50 % деңгейінде белгіленеді, одан асып түскен жағдайда банк

қамтамасыз етілмеген қарыз беруді жүзеге асырмайды.

Сондай-ақ қазақстандық реттеу практикасына Базель III капитал стандарттарын кезең-кезеңімен енгізу бойынша қажетті дайындық жұмысы аяқталатын болады. Екінші деңгейдегі банктер капиталының жеткілікті болуы жөніндегі жаңа талаптарға бейімделудің және жаңа реттеу стандарттарына көшудің нормативтік құқықтық базасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарлануда.

2014 жылы Үкімет пен Ұлттық Банк жүргізетін экономикалық саясат тұрақты экономикалық өсуді 6-7 % деңгейінде және инфляция деңгейін 6-8 % аралығында сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Үкімет пен Ұлттық Банктің алдында тұрған міндеттерді тиімді шешу мақсатында 2014 жылғы 1 мамырға дейін орта мерзімді перспективада инфляцияны 3-4 %-ға дейін төмендетуге бағытталған шаралар кешені әзірленеді. Аталған шаралар еліміздің макроэкономикалық дамуының қол жеткізілген оң нәтижелерін сақтайтындай және экономиканың одан әрі тұрақты әрі үдемелі өсуін қамтамасыз ететіндей теңгерімді сипатта болады.